

6B01101 – «ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және атауы: 6B01 – Педагогикалық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: 6B011 – «Педагогика және психология»

Берілетін дәрежесі: 6B01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

Бағдарламаның типі: бакалавриат, 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит/240 ECTS

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

6B01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:

- мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мекемелерінің барлық типтері;
- жалпы білім беретін орта мектеп жүйесі, соның ішінде лицейлер, гимназиялар, шағын комплектілі мектептер, санаторилік мектептер, спорт мектептері, балалар үйі;
- арнайы түзету мекемелері (ақыл-ойы және дамуында кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерге арналған сыныптар мен мектеп интернаттар).

1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:

- ұйымдастырушылық-технологиялық (педагогикалық технология негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру);
- өндірістік және басқару («субъект-субъектінің» өзара әрекеті);
- жобалау (жалпы білім беретін орта мектептегі білім беруді моделдеу);
- ғылыми зерттеу (түрлі ғылыми-зерттеу ұйымдарындағы ғылыми-зерттеу жобаларын модельдеу және жүзеге асыру, ұйымдастыру);
- білім беру (психология және педагогиканы оқыту, мамандарды дайындау және қайта дайындау).

1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері:

- оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру мен дамытуда қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау;
- Отандық және әлемдік стандарттардың талаптарына сәйкес білім берудің сапалық деңгейін көтеру;
- озық педагогикалық технологияны меңгеру және оны тәжірибелік іс әрекетке ендіру;
- педагогика және психология саласында ғылыми-зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру және өткізу.

Бітірушінің кәсіби қызметінің мазмұны:

- оқушылардың әлеуметтік және психологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған психологиялық-педагогикалық іс-әрекет;
- психология, педагогика ғылымындағы өзекті мәселелерді зерттеуге бағытталған ғылыми-зерттеу іс-әрекет;
- тәрбиеленушілердің психологиялық-педагогикалық диагностикасы;
- педагогикалық ұжым мен ата-аналарды тәрбиеленушілердің әлеуметтік дамуы мен жеке тұлғалық мәселелеріне бағыттау мақсатында жүргізілетін зерттеу жұмысының деректері бойынша психологиялық-педагогикалық қорытынды жасау.

БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студентер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- **ON1** – педагогика, психология, физиология ғылымдарының метапәндік идеяларына негізделген білім мен түсініктерін көрсетеді;

- **ON2** – педагогикалық, психологиялық тұжырымдарды айқындау мен ой-қорытулар жасауда сыни тұрғыдан қарау және жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолданады;
- **ON3** – танымдық, шығармашылық қабілеттері мен зерттеу әдістерін меңгере отырып, кәсіби мәселелерді шешу жолдарын талдайды;
- **ON4** – оқытуда АКТ-ны және ЦБР-ды пайдаланады;
- **ON5** – оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыруда өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялай біледі;
- **ON6** – тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін, командада жұмыс істеу дағдыларын және ақпараттық мәдениетін көрсетеді;
- **ON7** – психологиялық инновациялық технологияларды оқыту мен тәрбиелеудің мақсат-міндеттеріне және оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдана біледі
- **ON8** – педагогикалық-психологиялық жағдаяттарды шешуде принциптер мен заңдылықтарды, психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолданады
- **ON9** – жеке тұлға бағыт-бағдарының әлеуметтік психологиялық моделін жасау және психикалық денсаулық деңгейін бағалайды
- **ON10** – психологиялық қызмет көрсетудің бағыттары мен қағидаларын, әдістері мен формаларын қолдана отырып, техникалары мен технологияларын талдайды

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кре- ди- т саны	Оқу нәтижелері (коды)																			
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10										
Жалпы білім беретін пәндер циклі																							
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) тандау компоненті																							
1	Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім	Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстар қарастырылады. Кәсіпкерлік, көшбасшылық және инновациялық дағдыларды меңгеруде заңнамалық және тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері сипатталады.	5								+												

**Базалық пәндер циклы
Жоғары оқу орны компоненті**

2	Оқушылардың физиологиялық және психологиялық дамуы	Оқушылардың физиологиялық - психологиялық тұрғыдан даму заңдылықтарының негізінде балалар мен жасөспірімдердің анатомия-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне, жеке басының қалыптасуына, денсаулығын сақтауға, нығайтуға қатысты мәселелер қарастырылады. Оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бекіту біліктілігін қалыптастырудың, балалардың денсаулығын қорғау, дене шынықтыру, еңбекке баулу жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері, білімдерін тәжірибеде қолдану, кәсіби мәселелерді шешу жолдары сипатталады.	6	+	+	+				+			
3	Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі	Педагогика ғылымының негізінде анықталған оның мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процесстің түсініктері, оқу-тәрбие жұмыстарының формалары, әдістері, құралдары қарастырылады. Педагогика ғылымының өзекті мәселелері, ҚР қазіргі заманауи тәрбие тұжырымдамалары, мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі және тәрбие жұмысының диагностикасы және білімдерін тәжірибеде қолдану, кәсіби мәселелерді шешу жолдары сипатталады.	5	+	+	+							
4	Инклюзивті білім берудеге арнайы педагогикалық технологиялар	Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары, білім беру қызметінде инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи моделдері мен оны іске	5	+	+					+		+	+

		асыруы жолдары қарастырылады. Инновациялық технологияларды оқыту мен тәрбиелеудің мақсат-міндеттеріне және оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдана білу, психикалық денсаулық деңгейін бағалау, психологиялық қызмет көрсету сипатталады											
5	Педагогикалық-психологиялық мамандыққа кіріспе	Қазіргі педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттің теориялық негіздері, болашақ педагог-психологтардың өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі білімдендіру жұмыстары, кәсіби іс-әрекетке қажетті кәсіби-педагогикалық іскерліктері мен дағдылары, кәсіптік мәдениеттің негізі, өздігінен кәсіби жетілдіру қажеттілігі қарастырылады. Педагогика, психология ғылымдарының метапәндік идеяларына негізделген білім мен түсініктерін көрсете білу, кәсіби мәселелерді шешу жолдарын талдай білу, педагогикалық, психологиялық тұжырымдарды айқындауда сыни тұрғыдан қарау жолдары сипатталады	6		+	+	+						
6	Жеке тұлға психологиясы	Тұлғаны зерттеудің заманауи әдіснамалық жүйесі, өзге ғылым салаларымен байланысы, тұлға қалыптасуының бағыт-бағдарлары, тұлға құрылымы, өмірлік өсуі мен дамуы, психологиялық жағдайларын тұтас түсінуі қарастырылады. Танымдық, шығармашылық қабілеттерін меңгере отырып талдай білу, оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыру, тұлғааралық қарым-қатынас коммуникативтілігін көрсете білу, жеке тұлғаның бағыт-бағдарының әлеуметтік психологиялық моделін жасау жолдары сипатталады.	6		+		+		+				+
7	Психологиядағы арт-терапия	Арт-терапияның ғылымдағы ролі, басқа ғылымдармен байланысы, ғылыми зерттеу			+	+			+		+	+	+

		әдістері, түрлері, принциптері, жеке тұлғалық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған әдістемелер, техникалар мен технологияларды қарастырылады. Психологиялық білімін практикада қолдану, оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыруда білімдерін интеграциялай білу, психикалық денсаулық деңгейін бағалау, психодиагностикалық әдістемелерді арттерапияда сипатталады	5									
8	Психология тарихы	Психология ғылымының даму тарихындағы кезеңдері: жан туралы ғылым, сана туралы ғылым, жүріс-тұрыс туралы ғылым, психика туралы ғылым ретінде қарастырылады. Психология, педагогика ғылымдарының метапәндік идеяларына негізделген білім мен түсініктерін көрсете білу, ой-қорытулар жасауда сыни тұрғыдан қарау, ақпараттық мәдениетін көрсете білу сипатталады.	5		+	+			+		+	
9	Педагогикалық менеджмент	Білім беру жүйесіндегі менеджмент мәні, рөлі, негізгі ерекшеліктері, мақсат-міндеттері, педагогикалық менеджмент эффектісін анықтау факторлары, біртұтас менеджмент жүйесінде диагностикалық, аналитикалық, жобалау жұмыстарын жүргізу, талдау жасау қарастырылады. Педагогикалық тұжырымдарды айқындау, басқарушылық мәселелерді шешу жолдарын талдай білу, командада жұмыс істеу дағдыларын көрсете білу, педагогикалық-психологиялық жағдаяттарды шешу сипатталады	5		+	+	+		+		+	
10	Даму психологиясы	Жас ерекшелік дамуының заңдылықтары, теориялық және тәжірибелік білімдері, бала психологиясының әртүрлі жас кезеңдерінің ерекшеліктері, іс-әрекеттің түрлері, психикалық қалыптар, мінез-құлық, жас және дара ерекшеліктерді есепке алу жайында			+	+	+		+		+	

		қарастырылады. Психологиялық білімін практикада қолдану, зерттеу әдістерін шешу жолдарын талдай білу, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін көрсету, психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолдану сипатталады.	5										
Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті													
11	1. Экспериментальды психология	Ғылыми пәннің теориялық негіздері, эксперимент нәтижелерін талдауды, эксперименттік зерттеу теориялары мен құрылымы, ғылыми мәселелердің өзгешеліктері қарастырылады. Жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдану, зерттеу әдістерін талдай білу, инновациялық технологиялар мен психодиагностикалық әдістемелерді қолдану, психологиялық қызмет көрсету жолдары сипатталады	7	+	+	+					+		+
	2. Психологияның ғылыми-зерттеу әдістері	Табиғи және жасанды жағдайда жеке тұлғаның іс-әрекеті мен қылықтарын қабылдаудың негізінде мақсатты зерттеуі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері қарастырылады. Математикалық әдістерді және зерттеу әдістерін талдай білу, педагогикалық-психологиялық жағдаяттарды шешу, инновациялық технологияларды оқыту мен тәрбиелеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес қолдана білу, психикалық денсаулық деңгейін бағалау жолдары сипатталады		+	+	+				+	+	+	
12	1. Когнитивтік психология	Бихевиоризм мен психоанализдің барлық бағыттары, танымдық үрдістер мен санаға байланысты адам психологиясы қарастырылады. Тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін көрсете білу, ЦБР-ды пайдалану, жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдану, кәсіби		+	+	+	+	+	+				

		мәселелерді шешу жолдарын талдай білу, тұлғалық дамуын қалыптастыруда білімін интеграциялай білу.	6										
	2. Шетел психологиясы	Батыс психологиясындағы необихевиоризм, неофрейдизм, гештальтпсихологиясының мектептері, даму бағыттары, принциптері қарастырылады. Тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін көрсете білу, ЦБР-ды пайдалану, жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдану, кәсіби мәселелерді шешу жолдарын талдай білу, тұлғалық дамуын қалыптастыруда білімін интеграциялай білу жолдары сипатталады.											
13	1. Педагогика тарихы	Әр тарихи дәуірдегі тәлімдік ой-пікірлер мен теориялардың дамуы, тәрбие, оқыту, білім беру тәжірибесінің пайда болуы, қалыптасуы қарастырылады. Әртүрлі кезеңдеріндегі әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық идеялар мен ойлар қарастырылады. Педагогиканың метапәндік идеяларына негізделген білімін көрсету, білімін интеграциялай білу және практикада қолдану жолдары сипатталады.	5	+	+			+					
	2. Қазақстандағы педагогикалық ойлардың даму тарихы	Қазақстандағы алғашқы қауымдық қоғам кезеңіндегі сақтар мен ғұндардың мәдени-жауынгерлік тәрбие дәстүрлері, Ұлы түрік қағанатының тәлімдік-танымдық мұрагерлері, орта ғасырдағы тәлімгерлік ой-пікірлері, қазақ хандығы кезеңіндегі ұлттық тәлім-тәрбиелері қарастырылады. Педагогиканың метапәндік идеяларына негізделген білімін көрсету, білімін интеграциялай білу және практикада қолдану жолдары сипатталады											
14	1. Денсаулық психологиясы	Балалардың психологиялық денсаулығының көрсеткіштері, психологиялық денсаулық деңгейін анықтауы, әлеуметтік бейімделуі,		+						+		+	+

		мазасыздық деңгейі, конструктивті қылық және эмоционалды реакциясы, диагностикалау жүйесі қарастырылады. Инновациялық технологияларды қолдану, білім алушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдана білу, психологиялық қызмет көрсету, ақпараттық мәдениетін көрсете білу жолдары сипатталады	5										
	2. Психологиялық денсаулық профилактикасы және суицидтің алдын алу	Психикалық ауытқуды анықтау жолдары, емдеу әдіс-тәсілдерін қолдану, суицидтік жағдайға бой алдырмау жолдары қарастырылады. Инновациялық технологияларды қолдану,, білім алушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдана білу, психологиялық қызмет көрсету, ақпараттық мәдениетін көрсете білу											
15	1. Жалпы психология	Онтегенездің түрлі кезеңдеріндегі тұлға дамуының механизмдері мен жағдайлары, жалпы зағдылықтардың дамуы, тұлғааралық қарым-қатынастағы коммуникативтілік, ғылыми-жаратылыстану негіздері мен іс-әрекет психологиясы мен танымдық процестерді қарастырады. Инновациялық технологияларды оқыту мен тәрбиелеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес қолдану, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялай білу жолдары сипатталады	8	+	+			+	+	+			
	2. Психология негіздері	Психикалық құбылыстардың дамуы мен қалыптасуы, механизмдері, заңдылықтары, принциптері, ғылыми-зерттеу әдістері қарастырылады. Инновациялық технологияларды оқыту мен тәрбиелеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес қолдану, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялай білу жолдары сипатталады											

16	1. Искерлік қарым-қатынас психологиясы	Искерлік қарым-қатынас мәдениетінің дамуы, қалыптасуы, түрлері, этикасы, ережелері, нормалары, талаптары мен принциптері, әдіс-тәсілдері, формалары қарастырылады. Командада жұмыс істеу дағдылары педагогикалық-психологиялық жағдаяттарды шешуде білімін практикада қолдану жолдары сипатталады	8	+	+				+		+		
	2. Конструктивті қарым-қатынас психологиясы	Тұлғааралық қатынастың түрлері, ерекшеліктері, міндеттері, эффективті қарым-қатынастың теориялық ережелері, ерекшеліктері, мәдени іс-әрекет пен қарым-қатынас, пікірталас жүргізу, өзін-өзі бағалау, талдау қызметі қарастырылады. Командада жұмыс істеу дағдылары педагогикалық-психологиялық жағдаяттарды шешуде білімін практикада қолдану жолдары сипатталады											
17	1. Педагогикалық психология	Оқу-тәрбие, білім беру процесінің түрлі жағдайларында субъектілердің интеллектуалдық және тұлғалық дамуының психологиялық ерекшеліктері, заңдылықтарын қарастырады. сипатталады. Педагогикалық, психологиялық бағыттары бойынша тұжырымдарды айқындауда сыни тұрғыдан қарауды, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялауды, ақпараттық мәдениетін көрсетуді, педагогикалық-психологиялық мәселелерді шешу жолдары сипатталады.	9	+	+			+		+	+		
	2. Оқыту психологиясы	Психологиялық негіздерін оқыту мен білім берудің жекелеген әдістеме мәселелерін бағдарлау, оқыту мен балалардың ақыл-ойын дамыту, зерттеуді қарастырады. Педагогикалық, психологиялық бағыттары бойынша тұжырымдарды айқындауда сыни			+	+			+		+		

		тұрғыдан қарауды, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялауды, ақпараттық мәдениетін көрсетуді, педагогикалық-психологиялық мәселелерді шешу жолдары сипатталады.											
18	Мектеп оқушылары және олармен жүргізілетін психологиялық жұмыстар	Білім алушылардың жетекші іс-әрекеті мен психикалық процестерінің көрініс беруі, оқу-танымдық қызығушылығын зерттеу тәсілдері, танымдық процесінің дамуы, мінез-құлық ерекшеліктерін қарастырады. Психологиялық тұжырымдарды айқындауда сыни тұрғыдан қарау, психологиялық қызмет көрсетудің технологияларын талдау, оларды оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдана білу, психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолдану жолдары сипатталады.	8	+	+				+	+			+
Бейіндеуші пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті													
19	Отбасы психологиясы және кеңес беру психологиясы	Отбасылық қарым-қатынас, жыныстық әлеуметтену және некеге дайындау, некеге түсер алдында серіктес таңдау, жас отбасылар сипатталады. Психологиялық тұжырымдарды айқындауда білімін практикада қолдану, тұлғааралық қарым-қатынаста ақпараттық мәдениетін көрсете білу, психологиялық қызмет көрсетудің әдістерін қолдану, психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолдану жолдары сипатталады.	8	+	+				+	+			+
20	Этнопсихология және ұлттық сана	Әртүрлі халықтар мен мәдениеттер ерекшеліктерін, этноцентризм, ұлттық дүниетанымын, өздік сана мен этникалық стереотиптердің міндеттерін, қалыптасу заңдылықтарын, ұлттық қоғамдастықтар мен қоғамның қалыптасуын, этностардың өзіне тән ұлттық мінезін, психологиялық	5	+	+	+		+	+				

		ерекшеліктерін қарастырады. Педагогика және психологияның метапәндік идеяларына негізделген білім мен түсініктерін көрсету, жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдану, шығармашылық қабілеттерін меңгеру, пәнаралық білімді интеграциялай білу, ақпараттық мәдениетін көрсету жолдары сипатталады.											
21	Психологиялық менеджмент	Басқару психологиясының даму заңдылықтарын, басқарушылық қызметтің функционалдық құрылымын, әдістерін, шешімдерді қабылдаудың психологиялық аспектілерін, тұлға қасиеттерін, басқару қызметіндегі субъектілерін, психологиялық құрылымының құраушыларын сипаттайды. Тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін көрсете білу, білімдерін интеграциялай білу, зерттеу әдістерін меңгере отырып кәсіби мәселелерді талдай білу, АКТ-ны және ЦБР-ды пайдалану, психологиялық жағдаяттарды шешуде принциптер мен заңдылықтарды тиімді қолдану.	5	+	+		+		+		+		
22	Жеке тұлға диагностикасы	Психодиагностикадағы жеке тұлғаның психикалық дамуын, заңдылықтарын, белгілі бір психикалық құбылыстың себебін табу, оқушы тұлғасының қабілетін дамыту, психикалық дамуындағы ауытқуларды жоюды, баланың қабілеттілігін, дарындылық деңгейін, зеректілігін, зейіннің қасиетін, танымдық процестерін қарастырады. Психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолдану, психикалық денсаулық деңгейін бағалау, танымдық, шығармашылық қабілеттерін талдай білу жолдары сипатталады.	5	+	+	+					+	+	
23	Мектептегі	Мектеп оқушыларының толыққанды	5	+	+			+			+	+	+

	психологиялық қызмет	психикалық дамуына ықпал жасау, оқу-тәрбие үрдісінде кездесетін нақты психологиялық мәселелерді шешу, қиындықтардың себебін жеңу, анықтау жолдарын, мүмкіндіктерін, қабілетін дамытуды қарастырады. Психологиялық қызмет көрсетудің технологиялары; психикалық денсаулық деңгейін бағалау, психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолдану, кәсіби мәселелерді шешу жолдарын талдай білу жолдары сипатталады											
24	Әлеуметтік психология	Әлеуметтік топтардағы адамдардың қызметін, заңдылықтарын, саяси-әлеуметтік құбылыстарын, қоғамның даму бағытын айқындауға, ірі топтарды және тұтас қоғамды басқаруға, бағыттарды, стратегиялы түрде дұрыс жолға салуды, рухани ерекшеліктерін қарастырады. Коммуникативтілік дағдыларын көрсете білу, білімін практикада қолдану, психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолдану, жеке тұлға бағыт-бағдарының әлеуметтік психологиялық моделін жасау жолдары сипатталады	5	+	+				+		+	+	
25	Конфликтология	Әлеуметтік топта өмір сүретін жеке тұлғалардың қарсыласуы, қоғамдық күш, қызығушылықтар, көзқарастар, ұстанымдар, формалары қарастырылады. Жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдану, зерттеу әдістерін меңгере отырып, кәсіби мәселелерді шешу жолдарын талдау, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін, командада жұмыс істеу дағдыларын және кәсіби мәселелерді талдау, педагогикалық-психологиялық жағдаяттарды шешуде принциптер мен заңдылықтарды қолдану жолдары сипатталады	5	+	+	+			+		+		

26	Гендерлік психология	Адамдардың жыныстық ерекшелігіне байланысты әлеуметтік мінез-құлқын детерминациялау, тұлғаның гендерлік бірдейлігі, әйелдер мен ерлердің жынысының тұлғалық ерекшеліктері қарастырылады. Психологиялық тұжырымдарды айқындау мен ой-қорытулар жасауда білімін практикада қолдану, ақпараттық мәдениетін көрсете білу психологиялық жағдаяттар мен кәсіби мәселелерді шешу, жеке тұлға бағыт-бағдарының әлеуметтік психологиялық моделін жасау жолдары сипатталады.	5	+	+	+			+		+	+	
27	Әлеуметтік-психологиялық тренинг негіздері	Әлеуметтік психологиялық тренингтер, топтық психологиялық жұмыстар, тренингтік топтар түрлері, әдістері мен технологиясының теориялық негіздері қарастырылады. АКТ-ны және ЦБР-ды пайдалану, психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолдану, психологиялық қызмет көрсету, командада жұмыс істеу жолдары сипатталады.	5	+	+		+		+		+		+
28	Практикалық психологияның негіздері	Ғылымның даму тарихы, психолог кәсібінің ерекшеліктері, негізгі этикалық және кәсіби принциптері, негізгі заңдылықтары, құрылымы, әдістері мен принциптері, басқа мамандық салаларымен байланысы қарастырылады. Пәнаралық білімді интеграциялай білу, психологиялық қызмет көрсету, психикалық денсаулық деңгейін бағалау, психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолдану жолдары сипатталады.	5	+	+			+			+	+	+
29	Психокоррекция негіздері	Психокоррекциялық жұмыстың негізгі түрлері, бағдарламалары, бағалау критерийлері, ережелері, теориялық модельдері, даму тарихы, әдістері, бағыттары қарастырылады. Психологиялық қызмет көрсету, психикалық денсаулық деңгейін	5	+	+						+	+	+

		бағалау, психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолдану жолдары сипатталады.											
30	Психотерапия	Психотерапияның негізгі: топтық, когнитивті, гуманистік, дене, трансактілі анализ, гештальт-терапия және т.б. бағыттары, әдіс-тәсілдері, принциптері қарастырылады. Психологиялық, тұжырымдарды айқындау мен ой-қорытулар жасаудың негізінде білімін практикада қолдану, диагностикалаудың технологияларын пайдалану, зерттеу әдістерін меңгере отырып, кәсіби мәселелерді шешу жолдарын талдай білу, психикалық денсаулық деңгейін бағалау, психологиялық қызмет көрсету, жолдары сипатталады	5	+		+			+		+	+	+
31	Психологиялық кеңес берудің негіздері	Психологиялық кеңес берудің: клиникалық, басқарушы, ұйымдастырушы түрлері, әдіс-тәсілдері, принциптері, бағыт-бағдары қарастырылады. тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін көрсете білу, кәсіби мәселелерді шешу жолдарын талдай білу, психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолдану, психологиялық қызмет көрсету жолдары сипатталады	5	+		+			+		+		+